



Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

20__ жылғы «__» ____
Ақтөбе қ.

№ 189

«__» ____ 20__ года
г.Ақтөбе

**Ақтөбе облысы білім басқармасының
17.05.2024 жылғы №261 бұйырығына
өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №213 бұйырығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспарының» «Жасыл балабақша» желісін құру» туралы 3.1.тармағын орындау және ІТ сауаттылықты мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым біліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жасыл балабақша» пилотты жобасына Ақтөбе қаласы «NURSULTAN 7777», «Nursultan City» бөбекжай-балабақшалары және Қарғалы ауданы «Балауса» бөбекжай-балабақшасы, «ІТ-балабақша» пилоттық жобасына Ақтөбе қаласы №26 «Үміт» бөбекжай-балабақшасы 2025 жылдың наурыз айынан бастап қосылсын.

2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (міндетін атқарушы Ж.Сқакова):

2.1. Пилоттық жобалар жұмысын жүргізу және әдістемелік қолдау көрсету бағытында тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

2.2. Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін пилоттық жобалардың нәтижелері бойынша талдамалық ақпарат әзірленсін.

3. Ақтөбе қаласы (А.Латып) және Қарғалы аудандық (Ж.Дүйсенова) білім бөлімі басшыларына:

3.1. Пилотты жобаларға қатысатын мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту және педагогикалық процесті оқу-әдістемелік жарактандыру қамтамасыз етілсін.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте пилоттық жобаларға қатысатын, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын педагогтерді ынталандыру мақсатында үстемеақы төлеу мүмкіндігі қарастырылсын.

4. Мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс жасайтын, пилоттық жобаға қатысатын педагогтерді ынталандыру мақсатында үстемеақы белгілеу құрылтайшы шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б.Күзембаева